

**Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылдық округі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 8 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 мамырда № 3513 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы 9 наурыздағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 09.03.2017 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Шыңғырлау аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушысының 2014 жылғы 3 наурыздағы № 64 ұсынысы негізінде Лубен ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылдық округінің аумағында ұсақ мал арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Лубен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Ю.Боқаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лубен ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Бисембаев*